

Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрімен бекітілген 1996 жылғы 18 наурыз Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасымен келісілген 1996 жылғы 14 наурыз Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 17 шілде N 184 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер Министрлігінің 2000 жылғы 11 шілдедегі N 65 және ҚР Ішкі істер Министрлігінің 2000 жылғы 11 шілдедегі N 388 бірлескен бұйрығымен. ~ V001226

Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы

НҰСҚАУЛЫҚ

1-бап

Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуіне және Қазақстан Республикасынан кетуіне, егер Қазақстан Республикасының тиісті елмен келісімі арқылы басқаша тәртіп белгіленген болмаса, Қазақстан Республикасының визалары болған жағдайда жарамды шетелдік паспорттары бойынша немесе олардың орнына жүретін құжаттары бойынша рұқсат етіледі.

2-бап

Визалардың санаттары, оларды кімнің беретіні және кімге берілетіні туралы

Визалар мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) дипломатиялық
- 2) қызметтік
- 3) жәй
- 4) жеке
- 5) туристік
- 6) оқуға
- 7) жұмысқа
- 8) емделуге

9) тұрақты тұруға

1. Дипломатиялық визалар

Дипломатиялық визаларды Қазақстан Республикасының Сыртқысмани, ҚР Сыртқысманинің консулдық пункттері және шет елдердегі ҚР консулдық мекемелері дипломаттық паспорты бар адамдарға:

- дипломаттарға - Қазақстан Республикасындағы шет елдік дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің мүшелеріне және халықаралық ҰЙЫМДАРДЫҢ өкілдеріне;

- жоғарыда аталған санаттағы адамдардың отбасы мүшелеріне;

- шетелдік дипломатиялық курьерлерге;

- шетелдік азаматтарға - үкімет, парламент мүшелеріне, Қазақстан Республикасы таныған мемлекеттердің көрнекті қоғамдық және саяси ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ;

- шетелдік дипломаттарға, штат есебіндегі консулдар мен олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ егер бұл адамдардың барлығы да Қазақстан Республикасы таныған мемлекеттердің азаматтары болып табылатын болса, Қазақстан Республикасы арқылы үшінші бір мемлекеттерге транзитпен өтіп бара жатқан ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ КУРЬЕРЛЕРГЕ;

- дипломатиялық визаның берілуі қажет деп табылған жағдайда олардың ұлттық паспорт ұсынған кезінде Қазақстан Республикасына бара жатқан немесе Қазақстан Республикасы арқылы транзитпен өтіп бара жатқан басқа да шетелдік АЗАМАТТАРҒА беді.

Дипломатиялық визалар:

- Қазақстан Республикасында дипломатиялық өкіл ретінде танылмайтын адамдар дипломаттық паспорт ұсынған жағдайларда;

- егер олардың дипломаттық паспорты жоқ болған жағдайда дипломатиялық поштаны апара жатқан адамдарға берілмейді. Мұндай жағдайларда оларға ҚЫЗМЕТТЕІК ВИЗА беріледі.

2. Қызметтік визалар

Қызметтік визаларды Қазақстан Республикасы Сыртқысмани консулдық мекемелерінің алғашқы визалары негізінде Қазақстан Республикасының

Сыртқысмани, ҚР Сыртқысманиң консулдық пункттері, шет елдердегі ҚР консулдық мекемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкісмани, облыстардың Ішкі істер басқармалары (ПБ) және Алматы қаласының Қалалық ішкі істер басқармасы (ҚІБ):

- Қазақстан Республикасындағы шет елдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қызметтік және техникалық персоналына жататын адамдарға;

- Қазақстан Республикасындағы шет елдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қызмет көрсетуші персоналына жататын шетелдік азаматтарға;

- жоғарыда аталған санаттағы адамдардың отбасы мүшелеріне;

- егер олардың дипломаттық паспорты болмаған жағдайда дипломатиялық поштанды тасуышы адамдарға;

- Қазақстан Республикасына қызметтік немесе қоғамдық істер бойынша Қазақстан Республикасы таныған министрліктердің, ведомстволардың, ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, компаниялардың, фирмалардың және басқа да заңды ұйымдардың тапсыруымен, олардың ұсынған паспорттарының санатына қарамастан, олардың сапарының қызметтік сипатын растайтын Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, министрліктердің, ведомстволардың, мемлекеттік ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың шақыруы болған жағдайда шетелдік азаматтарға береді.

3 . Ж ә й визалар

Жәй визаларды Қазақстан Республикасы Сыртқысмани консулдық мекемелерінің алғашқы визалары негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқысмани, шет елдердегі ҚР консулдық мекемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкісмани, облыстардың ПБ және Алматы қаласының ҚІБ:

- Қазақстан Республикасында тіркелген мемлекеттік емес ұйымдардың, компаниялардың, фирмалар мен басқа да заңды ұйымдардың шақыруларын алған жағдайда және жеке сипаттағы іскерлік мақсаттармен Қазақстан Республикасына бет алған, сондай-ақ сонда жүрген шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға береді.

Алматы қаласының ҚІБ мен Алматы облысының ПБ қоспағанда, облыстардың ПБ ҚР Сыртқысмани консулдық мекемелері берген алғашқы визалар болмаған жағдайда оларды ұзарту құқығының 1 апта мерзімге кету визаларын береде алады.

4 . Жеке визалар

Жеке визаларды Қазақстан Республикасы Сыртқысмінің консулдық мекемелерінің алғашқы визалары негізінде шет елдердегі Қазақстан Республикасы Сыртқысмінің консулдық мекемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкісміні, облыстардың ПБ және Алматы қаласының ҚПБ Қазақстанға жеке шақырулар бойынша, демалуға және жеке сипаттағы басқа да мақсаттарға және азаматтығы жоқ адамдарға береді.

Ерекше жағдайларда жеке визалар дәрігер күәландырған халықаралық телеграммасы болған кезде Қазақстан Республикасына туысқандарының қазасына келе жатқан шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға берілуі мүмкін.

5 . Туристік визалар

Туристік визаларды Қазақстан Республикасы Сыртқысмінің шет елдердегі консулдық мекемелері, тек қана туристік құжаттары бар және оларды Қазақстан Республикасының Жастар істері, туризм және спорт жөніндегі министрлігінің тиісті санаттағы лицензиясына ие Қазақстан Республикасы туристік ұйымының қабылдайтыны туралы растайтын құжаты бар адамдарға береді.

Туристік визалар 30 күннен аспайтын мерзімге беріледі және тек ерекше жағдайларда ғана (туристің науқастануы, табиғи апаттар, төтенше жағдайлар және т.б.) Қазақстан Республикасының Ішкісмінінде, облыстардың ПБ және Алматы қаласының ҚПБ-сінде ұзартылуы мүмкін.

6 . Оқуға визалар

Оқуға визаларды Қазақстан Республикасы Сыртқысмінің консулдық мекемелерінің алғашқы визалары негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқысміні, шет елдердегі ҚР консулдық мекемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкісміні, облыстардың ПБ және Алматы қаласының ҚПБ белгіленген тәртіpte ресімделген шақырулары болған жағдайда Қазақстанға оқуға, оқу практикасына, тағлымдамаға және т.б. бара жатқан адамдарға береді.

Оқуға визаларды айрықшалық ретінде шет елдерде ҚР визаларын беруге өкілетті консулдық мекемелер болмаған жағдайда ҚР Сыртқысмінің консулдық пункттері бере алады.

7 . Емделуге визалар

Емделуге визаларды Қазақстан Республикасы Сыртқысмині консулдық мекемелерінің алғашқы визалары негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқысмині, шет елдердегі ҚР консулдық мекемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкісмині, облыстардың ПБ және Алматы қаласының ҚПБ белгіленген тәртіпте ресімделген шақырулары немесе шақыруларды растайтын өзге құжаттар болған жағдайда Қазақстанға емделуге, медициналық қаралуға, консультацияларға және басқа да осындай мақсаттармен баратын адамдарға береді.

Жедел түрде медициналық жәрдем беру қажет болатын айрықша реттерде емделуге визаларды ҚР Сыртқысминінің консулдық пункттері бере алады.

8. Жұмысқа визалар

Жұмысқа визаларды Қазақстан Республикасы Сыртқысмині консулдық мекемелерінің алғашқы визалары негізінде шет елдердегі ҚР консулдық мекемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкісмині, облыстардың ПБ және Алматы қаласының ҚПБ белгіленген тәртіпте ресімделген шақырулар мен ҚР Еңбек министрлігінің шақырушы ұйымдарға шетелдік жұмысшы күшін тартуға құқық беретін лицензиясы бар болған жағдайда Қазақстан Республикасына жұмысқа бара жатқан адамдарға береді. Лицензияға қоса Қазақстанға жұмысқа тартылған адамдардың паспорттық деректері бар тізім міндетті түрде берілуғе тиісті.

Жұмысқа визаларды шет елдерде визалар беруге өкілетті ҚР консулдық мекемесі болмаған жағдайда ҚР Сыртқысминінің консулдық пункттері бере алада.

9. Тұрақты тұруға визалар

Тұрақты тұруға келу үшін визаларды ҚР Сыртқысминінің растауы және белгіленген тәртіпте ресімделген басқа да қажетті құжаттар болған жағдайда Қазақстан Республикасының шет елдердегі консулдық мекемелері береді.

3-бап

Дипломатиялық визаларды қоспағанда, барлық санаттағы визаларды Қазақстан Республикасының Ішкісмині, облыстардың ПБ және Алматы қаласының ҚПБ):

- белгіленген тәртіпте ресімделген құжаттардың негізінде әртүрлі мақсаттар бойынша одан тысқары жерге кететін жағдайда Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға береді.

4-бап

Визалардың түрлері

1. Визалар түрлері бойынша былай бөлінеді:

- келу;
- келу-кету;
- кету;
- кету-келу;
- транзиттік.

Дипломатиялық, қызметтік, қарапайым, жеке визалар, жұмысқа визалар - келу, келу-кету, кету, кету-келу визалары ретінде;

Оқуға визалар - келу, кету-келу визалары ретінде;

Туристік визалар және емделуге визалар - келу-кету визалары ретінде;
Тұрақты тұруға келу үшін визалар - келу визалары ретінде беріле алады.

2 . К е л у в и з а л а р ы :

а) Қазақстан Республикасында аккредиттелген немесе тіркелген дипломатиялық өкілдіктерде, консулдық мекемелерде және басқада халықаралық өкілдіктеріне жұмыс істеу үшін Қазақстан Республикасына бір жылдан астам уақытқа келетін шетелдік азаматтарға және олардың отбасы мүшелеріне;

б) Қазақстан Республикасында оқуға, жұмысқа және т.б. үш айдан астам уақытқа, сондай-ақ тұрақты тұруға келетін шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

Келу визалары - берілген күннен бастап қолданыс мерзімі 3 айдан аспайтын уақытқа, ал тұрақты тұруға келетіндеге - 6 айдан аспайтын уақытқа беріледі.

3. Келу-кету визалары Қазақстанға екі жылдан аспайтын мерзімге келе жатқан шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

4 . К е т у в и з а л а р ы :

а) шетелдік азаматтарға - олардың қызмет мерзімінің аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасынан кететін кезінде 2 "а" тармақта көрсетілген өкілдіктер қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне;

б) олардың жұмысы, оқуы аяқталған соң немесе басқа да себептер бойынша Қазақстан Республикасынан түпкілікті кетуімен байланысты шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан басқа елдерге тұрақты тұруға кететін адамдарға беріледі.

Кету визалары - берілген күннен бастап қолданыс мерзімі 3 айдан аспайтын уақытқа, ал тұрақты тұруға кететіндерге - 6 айдан аспайтын уақытқа беріледі.

5. Кету-келу визалары Қазақстан Республикасындағы шетелдік дипломатиялық консулдық және басқа да өкілдіктердің қызметкерлеріне, сондай-ақ Қазақстанға жұмысқа, окуға және т.б. іссапарға жіберілген, Қазақстан Республикасының шегінен уақытша кететін шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне беріледі.

6. Транзиттік визалар баратын елінің визалары мен жол журу билеті

болжан кезінде олардың визасыз транзит құқығы жоқ болған жағдайларда Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өту үшін шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

Транзиттік визалар үш тәулікке дейінгі мерзімге беріледі.

Ескеңтү: Екі тарапқа да транзиттік визалардың берілуі қажет

болған жағдайда кету күні мен шекарадан екінші

қайтара өту күні көрсетілген екі транзиттік виза

беріледі.

5-бап

Көп мәртелең визалар

1. Көп мәртелең визалар Қазақстан Республикасына көп мәрте келу және Қазақстан Республикасынан көп мәрте кету құқығын береді және қолданыс мерзімі екі жылға дейін уақытқа екі мәртелең, үш мәртелең және одан көп мәртелең болып бөлінеді.

2. Көп мәртелең визаларды шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, министрліктердің, ведомстволардың, мемлекеттік үйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың және Қазақстан Республикасында тіркелген басқа да занды үйымдардың ұсынуымен бастапқы визалары болған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы іс мині, шетелдердегі ҚР консулдық мекемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкі іс мині, облыстардың ПБ

және Алматы қаласының ҚПБ береді.

Қазақстан Республикасының аумағында көп мәртелік визаларды:

- Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, министрліктердің, ведомстволардың, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің, қәсіпорындар мен басқа да мемлекеттік заңды ұйымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық,

консулдық және өзге де шетелдік өкілдіктердің ұсынуымен - Қазақстан Республикасының Сыртқысмині;

- мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, мекемелердің, қәсіпорындар мен басқа да заңды ұйымдардың ұсынуымен - Қазақстан Республикасының Ішкісмині, облыстардың ПБ және Алматы қаласының ҚПБ береді.

6-бап

Топтық визалар

1. Топтық визалар жеке визаларды ресімдеуде қындықтар туған жағдайда немесе басқа да әдейі себептер бойынша шетелдік азаматтар тобының Қазақстан Республикасына ұйымдастырылған түрде келуі немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуі кезінде беріледі. Мұндай визаларды беру үшін топтың барлық мүшелерінің топ құрамында Қазақстан Республикасына келуі кезінде және Қазақстан Республикасынан кетер кезінде бір мезгілде БӨП-ке жиналуды, қандай да бір пунктке келуі және Қазақстан Республикасының аумағын арқылы жүріп-тұруы міндетті шарт болып табылады.

Топтық визаларды, егер ерекше келісімдерде өзге жағдай көзделмеген болса, консулдық мекемелер тек Қазақстан Республикасы Сыртқысминінің құзырлы органдармен келісілген рұқсаты бойынша ғана береді.

Топтық визалар алфавиттік рет бойынша мынадай нысанда жасақталған атаулы тізімдермен ресімделеді:

N Тегі, аты Туған күні, айы Жынысы Паспорт Азаматтығы
және жылы нөмірі

Виза жеке парақ қағазына жапсырылады және осы Нұсқаулықтың 7-бабына сәйкес толтырылады. "Паспорттың N/passport N" бағанына "топтық" деп жазылады, "қосымша мәліметтер/additional information" бағанында тізім бойынша келетін адамдардың саны көрсетіледі. Мысалы: "10 адамдық тізім қоса беріліп отыр".

Виза қойылған парақтың төменгі жағына мынадай жазба жасалады:

"Осы виза қоса берілетін тізімде көрсетілген (_____
тегінен басталып _____ тегімен аяқталатын) әрбір адамның БӘП-те
паспортын немесе жеке басын қуәландыратын фотосуреті бар өзге құжатын
ұсынған кезінде ғана жарамды".

Виза қойылған парақ консулдық мекеме мөрімен расталған тізіммен бірге
жоғарғы сол жақ бұрышын бүктеу арқылы тігіледі.

Визаны берген адам тізімнің төменгі жағына қол қояды (лауазымы мен
тегін көрсетумен бірге), қойылған қол консулдық мекеменің мөрімен
расталады.

Виза мен тізім (20 адамнан аспайтын) үш данада түзіледі, олардың
біреуі (түпнұсқасы) - топ жетекшісінің қолында қалады, екіншісі
(ксерокөшірмесі) - Қазақстан Республикасына келген кезде БӘП-ке
тапсырылады, үшіншісі (ксерокөшірмесі) - шет елдегі визаны берген
консулдық мекемеде қалады.

Тізімдерге түзетулер мен толықтырулар енгізуге болмайды!

7-бап

Визаларды ресімдеу

1. Барлық санаттардың визалары жапсырма түрінде орындалған. Виза
сериясы мен нөмірі бірдей визаның өзінен және оның көшірмесінен тұрады.

2. Әрбір визада оны беретін мекеменің нөмірі болуға тиіс және оған қол
қойылуға тиіс. Қазақстан Республикасы Сыртқысмани әдетте қажетіне қарай
Қазақстан Республикасы Ішкісманине және Қазақстан Республикасының шет
елдегі консулдық мекемелеріне жылына сирек дегенде бір рет олардың келесі
жылға реттік нөмірін хабарлайды.

Виза қолмен толтырылады.

Күні, айы және жылы санмен жазылады, мысалы: 02.02.1995.

3. ДВ (дипломатиялық), ҚВ (қызметтік) және ЖВ (жәй және тағы басқа) серияларының келу визалары берілер кезде "шығу/exit" сөзі сызылып тасталады.

Келу визалары берілген күнінен бастап 3 айдан аспайтын, ал тұрақты мекенге келушілерге 6 айдан аспайтын қолданыс мерзіміне беріледі.

ДВ (дипломатиялық), ҚВ (қызметтік) және ЖВ (жәй және тағы басқа) серияларының кету визалары берілер кезде "кіру/entre" сөзі өшіріледі және "басталу мерзімі/valid from" мен "аяқталу мерзімі/valid until" бағандарында визаның қолданыс мерзімі қойылады.

4. Келу-кету визалары берілер кезде "басталу мерзімі/valid from" сөздерінен соң виза күшіне кіретін күн қойылады, ал "аяқталу мерзімі/valid until" сөздерінен соң визаның күші аяқталатын күн қойылады.

Сондай-ақ келу-кету визалары берілер кезде екі күн қойылады - визаның қолданыс мерзімі басталатын күн және оның күші аяқталатын күн.

5. Бір адамға берілетін визада "өзімен бірге/accompanied by" бағанына сызықша қойылады.

Егер иесінің паспортына оның отбасы мүшелері енгізілген болса, онда "өзімен бірге/accompanied by" бағанында олардың саны жазбаша көрсетіледі және жақшаның ішінде (жеке) деп жазылады. Мысалы: "бір бала (жеке)", "екі бала (паспорт бойынша)" және т.б. көрсетіледі.

Егер отбасы мүшелері иесінің паспортына жазылмаған болса, оның орнына өздерінің меншікті жол жүру құжаттары болғанда олардың саны көрсетіледі, ал жақшаның ішінде (жеке) деп жазылады. Мысалы, "бір бала (жеке)", ал "қосымша мәліметтер/additional information" бағанында баланың жол жүру құжатының түрі және нөмірі көрсетіледі. Егер паспортың иесімен бірге алғанда өздерінің жол жүру құжаттары бар балалар үшеуден көп болса, онда оларға жеке визалар беріледі, олардағы "қосымша мәліметтер/additional information" бағанында оларды алып жүрген адамның паспортының түрі және нөмірі көрсетіледі.

6. ДВ (дипломатиялық), ҚВ (қызметтік) және ЖВ (жәй және тағы басқа) сериялары визаларында "шақырылған мекеме/inviting organization" бағанында міндettі түрде шақыруышы ұйымның аты көрсетіледі, мысалы: "ҚР Қаржы министрлігі", "Атасу" фирмасы" және т.б.

"Жеке" виза санаты жағдайында "шақырған мекеме/inviting organization" бағанында шақырудың нөмірі көрсетіледі.

7. Визаның қолданыс мерзімін ұзарту жаңа визаны беру жолымен және "қосымша мәліметтер/additional information" бағанына қолданыс мерзімі біткен виза нөмірінің көрсетілуімен жасалады, мысалы:

"N 0000000 визасын ұзарту".

Ескерту: "қосымша мәліметтер/additional information" бағанына мына төмендегі сияқты қажетті мәліметтерді де енгізуге болады:

- паспорт иесі мінетін көлік құралының түрі және нөмірі, мысалы: "АК-00000 "Фольксваген" жеңіл автомобилімен жүреді";
- егер виза жақын туысқандарының бірінің қайтыс болғанын растайтын, қуәландырылған телеграмманың негізінде берілген болса телеграмманың күні және нөмірі;
- шет елдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың баруы үшін жабық елді мекенниң аты, ҚР Сыртқы іс министрінің растауының уақыты мен нөмірі, егер аталған санаттағы адамдардың оған баратын ниеті болған жағдайда, мысалы: "Курчатов қ, N 3272 11.03.96 ж."
- басқа да қосымша мәліметтер.

Қосымша мәліметтер болмаған жағдайда аталған баған толтырылмайды.

8. ЖВ (жәй және тағы басқа) сериясының визаларындағы визаның санатын анықтайтын жазба "санаты/category" бағанында қолдан жасалады, мысалы: "окуға", "туристік" және т.б.

9. ДВ (дипломатиялық), ҚВ (қызметтік) және ЖВ (жәй және тағы басқа) серияларының визаларындағы көп мәртелең визалар берілер кезде "мәртесi/entries" бағанындағы қажет емес белгілер сзызылып тасталады.

10. Визаның мәтініне түзетулер жасауга болмайды. Мәтіні түзетілген немесе осы бапта көрсетілгеннен өзгеше түрде ресімделген визалар жарамсыз деп саналады.

8-бап

Визаланатын құжаттарға қойылатын талаптар

Шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға визалар күші бар шетелдік паспорттарды немесе оларды ауыстыратын, солардың түпнұсқа екендігі және иесіне тиесілігі құдік тудырмайтын құжаттарды көрсеткен кезде беріледі.

Паспорттың құжаттардағы ескерілмеген тазартып өшірулер мен түзетулер,

мөрмен күәландырылмаған фотосуреттер мен сөгілген беттер табылған жағдайда мұндай құжаттардың иелеріне визалар берілмейді.

Жалған құжаттардың немесе оларда жасалған ескерілмеген түзетулердің себебімен визаларды беруден бас тартқан жағдайлар туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне мәлімдеу қажет.

9-бап

Визаларды берудің жалпы тәртібі

Қазақстан Республикасына келу визаларын Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері және консулдық мекемелері немесе жеке жағдайларда Қазақстан Республикасының осыған арнайы өкілеттік берілген өкілдері береді.

1. Қазақстан Республикасына келу визаларын беруге қабылдаушы тараптың (Президенттің Әкімшілігі, Үкімет, Парламент, министрліктер, ведомстволар, ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер және Қазақстан Республикасында тіркелген басқа да заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке адамдар) ұлттық қауіпсіздік органдарымен белгіленген тәртіpte ресімделген және келісілген, егер өзгесі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және келісімдерінде көзделмеген болса, жазбаша шақыруы негіз болып табылады.

2. Шет ел азаматының визаны беру туралы өтініші алынған соң консулдық мекеме Қазақстанның келген шақырудың бар-жоғын, сұралып отырған визаның қолданыс мерзімі біткен соң қолданыс мерзімі алты айдан ерте емес уақытта аяқталуға тиісті ұсынылған паспорттың құжаттың түпнұсқа екендігін, виза анкетасының толтырылуының дұрыстығын тексереді және өтініш берушіден шешім қабылдау үшін қажет болуы мүмкін басқа да мәселелерді анықтайды.

3. Өтінішті зерттеу барысында мыналарды істеу қажет:

- а) өтініш берушінің "ТМД аумағына келуге рұқсаты жоқ адамдардың тізіміне" жатпайтынын;
- б) виза анкетасының сұрақтарына берілген жауаптардың мазмұнын паспорттың құжаттың көрсеткіштерімен және өтініш берушімен әңгіме барысында немесе басқа да көздерден алынған мәліметтермен салыстыру;
- в) өтініш берушінің паспорттың құжаты оған тұрақты тұратын еліне қайтуға немесе Қазақстан Республикасына

барып-қайтқан соң басқа елге баруына құқық беретінін
а н ы қ т а у ;

г) ұлттық қауіпсіздік органдарымен Қазақстан
Республикасына келу визасын беру мүмкіндігін келісу
(Сыртқысмани шетелдік мекемелері үшін - Бас консулдық
б а с қ а р м а с ы а р қ ы л ы) .

4. Зерттеу нәтижесінде консулдық мекеме осы Нұсқаулықты басшылыққа ала
отырып, визаларды беру немесе бермеу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту: Шет елдегі ҚР консулдық мекемесінің сұрауына жауап
болмаған, Қазақстан Республикасы Сыртқысманинен басқа
нұсқау болмаған жағдайда бір мәртелі виза сұрау
жіберілген соң, жеті күннен кейін беріле алады. Көп
мәртелі виза растаусыз берілмейді.

5. Консулдық мекеме "ТМД аумағына келуге рұқсаты жоқ адамдардың
тізіміне" енгізілген шет ел азаматтарына визаларды беруден бас тартады және
мұнымен бір мезгілде осындай адамдардың виза алғысы келетін өтініш туралы
келуге болмайтыны жайындағы циркулярлық хаттың нөмірі мен уақытына
сілтеме жасай отырып, Қазақстан Республикасының Сыртқысманине мәлімдейді.

Визаларды беруден бас тартудың себептері өтініш жасаған адамдарға
х а б а р л а н б а й д ы .

6. Консулдық мекеме "ТМД аумағына келуге рұқсаты жоқ адамдардың тізімі"
бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқысманинің визаларды беру туралы
нұсқаулары түсіп қойған шет ел азаматтарын да тексереді. Егер бұл адамдар осы
тізімге жататын болса Қазақстан Республикасы Сыртқысманинің қосымша
р а с т а у ы с ұ р а л а д ы .

7. Шет елдегі ҚР консулдық мекемелерінде тұрған "ТМД аумағына келуге
руқсаты жоқ адамдардың тізіміне" өзгерістер Қазақстан Республикасы
Сыртқысманинің нұсқауы бойынша жасалады.

8. Шет ел азаматына және азаматтығы жоқ адамға келу визасы мына
жағдайларда берілмейді:

- а) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті немесе
халықтың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету
мұddeлерінде;
- б) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігіне қарсы
сөйлейтін, оның аумағының біrlігін және тұтастығын
бұзуға шақыратын болса;
- в) егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни өшпендейлікті

- қоздыратын болса;
- г) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа адамдардың құқықтары мен занды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;
- д) егер ол террорлық қызмет үшін сотталған немесе сот оны аса қауіпті рецидивист деп таныған болса;
- е) егер ол бұдан бұрын Қазақстан Республикасынан қуылған болса;
- ж) егер Қазақстан Республикасында бұрын болған кезінде оның Қазақстан Республикасындағы шет ел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы занды, республиканың кедендей, валюталық немесе өзге зандарын бұзғаны анықталған болса;
- з) егер келу туралы өтініш беру кезінде ол өзі туралы жалған мәліметтер берген немесе қажетті құжаттарды ұсынбаған болса;
- и) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де жағдайлар.

9. Шет ел азаматына және азаматтығы жоқ адамға кету визасы мынадай жағдайларда берілмейді:

- а) егер оны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіздер болса - істің жүргізілуі тоқтағанша;
- б) егер ол жасаған қылмыстары үшін сотталған болса - жазасын өтегенше немесе жазадан босағанша;
- в) егер ол оған сот жүктеген міндеттемелерді орындаудан жалтаратын болса - міндеттемелер орындалғанша;
- г) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген өзге де негіздер бойынша.

10-бап

Визалардың қолданыс мерзімін ұзарту

1. Қазақстан Республикасының аумағында шет ел мемлекеттерінің ресми делегациялары, министрліктері және ведомстволары делегацияларының мүшелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Үкіметінің, Парламентінің, министрліктерінің, ведомстволарының және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік

органдарының шақыруы бойынша келген басқа да адамдарға берілген дипломатиялық, қызметтік және жүйе визаларды Қазақстан Республикасының Ишкі істер министрлігі ұзартады.

Визалардың барлық санаттары, дипломатиялық және туристік визаларды қоспағанда, сондай-ақ шет ел мемлекеттерінің ресми делегацияларының мүшелеріне берілген визаларды Қазақстан Республикасының Ишкісмині, облыстардағы ПБ және Алматы қаласының ҚПБ ұзартады.

Қазақстан Республикасының аумағындағы визаларды ұзарту кезінде мекемелермен қосымша келісу талап етілмейді.

2. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде визаларды Қазақстан Республикасының Сыртқысминімен келісу бойынша консулдық мекемелер ұзараптады.

Қазақстан Республикасы Сыртқысминінің нұсқауы бойынша берілген, пайдаланылмаған визаның қолданыс мерзімін ұзарту үшін Қазақстан Республикасы Сыртқысминінің қосымша рұқсаты талап етіледі.

Бұл туралы жасалған сұрауда визаның пайдаланылмаған себебі көрсетілуге тиис.

3. Шет ел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуінің және

болуының нақты күндері көрсетілген визаларды беруге ҚР Сыртқысминінің консулдық мекемеге беретін рұқсаттары солардағы көрсетілген мерзімдер біткен соң күшін жояды.

Шет ел азаматтарының келуінің және кетуінің нақты күндері көрсетілмеген, олардың Қазақстан Республикасында болуының ұзақтығы ғана анықталған рұқсаттар ҚР консулдық мекемесі осындай рұқсатты алған сәтінен бастап уш ай бойында күшінде болады.

11-бап

Визаларға қол қою құқығы

Визаларға қол қоюшылар:

- Қазақстан Республикасы Сыртқысмині осыған өкілеттік берген жедел-дипломатиялық қызметкерлер, сондай-ақ елшілер және шет елдегі консулдық мекемелердің басшылары;
- Қазақстан Республикасы Ишкісмині Паспорт және виза жұмысы басқармасының (бөлімдерінің), облыстардың, ПБ, Алматы қаласы ҚПБ бастықтары немесе олардың орынбасарлары.

ҚР шет елдегі консулдық мекемелері Қазақстан Республикасының Сыртқысманине визаларға қол қоюға өкілеттік берілген адамдар туралы (тегі, аты, әкесінің аты, қызметі және қолының үлгісі) мәлімдейді.

12-бап

Берілетін визалардың есебін жүргізу

1. Ресімделген визалар туралы мәліметтер дипломатиялық, қызметтік (жәй) және транзиттік визалар есебінің журналдарына енгізіледі (N 1 қосымша).

Визада Қазақстан Республикасына келудің және Қазақстан Республикасынан кетудің нақты пункттерін көрсеткен кезде журналда тиісті белгілер жасалуы қ а ж е т .

2. Шет елдегі ҚР консулдық мекемесі Қазақстан Республикасының Сыртқысманине Қазақстан Республикасы Сыртқысмани белгілеген тәртіпте және мерзімде берілген визалар туралы есеп беру материалдарын табыс етеді.

3. Бұлған визалық жапсырма блокта қалады, әрбір факт бойынша тиісті


акт жасалады.

4. Әр түрлі себептер бойынша жол жүру құжатындағы визаның күшін жойған жағдайда (мерзімдердің, санаттардың, түрінің өзгеруі және т.б.) фотосуретінен және паспорттың мәліметтер беттерінен ксерокөшірмесі түсіріледі, сондай-ақ күшін жойған виза бар бет түсіріледі. Мұның барысында тиісті акт жасалады.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Бас Консулдық Басқармасы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Паспорт және виза жұмысы бас басқармасы
--	--

N 1 қосымша

Рет.|Виза|Аза.|Тегі|Туған|Пас.|Шақы.|Виза|Виза|Мөр. |Визаның|Консул.|
тік | N |мат.|аты |жылы,|порт|рушы |са. |түрі|телік|қолда. |дық |
N | |тығы| |айы | N |тарап|на. | | | |нылу |алым |
| | | | | |ты | | | |кезеңi | | |



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК